



Теректі ауданының елді мекен аумақтарын абаттандыру, санитарлық тазарту, тазалықты сақтау және жинастыру жұмыстарын ұйымдастыру Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2008 жылғы 22 мамырдағы № 9-2 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы әділет басқармасында 2008 жылғы 28 маусымда № 7-12-61 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 маусымдағы № 3-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2012.06.21 № 3-2 Шешімімен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы № 155 "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3-бабының 2-тармағына сәйкес Теректі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Теректі ауданының елді мекен аумақтарын абаттандыру, санитарлық тазарту, тазалықты сақтау және жинастыру жұмыстарын ұйымдастыру Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

Аудандық мәслихат хатшысының м.а.

М ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 8

ж ы л ғ ы

2 2

м а м ы р д а ғ ы

№ 9-2 шешімімен бекітілді

Теректі ауданының елді мекен аумақтарын абаттандыру, санитарлық тазарту, тазалықты сақтау және жинастыру жұмыстарын ұйымдастыру Ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Теректі ауданының елді мекен аумақтарын абаттандыру, санитарлық тазарту, тазалықты сақтау және жинастыру жұмыстарын ұйымдастыру Ережелері Қазақстан Республикасының "Қазақстан

Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне сәйкес ә з і р л е н д і .

Ереже Теректі ауданының елді мекен аумақтарын абаттандыру, санитарлық тазарту, тазалықты сақтау және жинастыру жұмыстары саласында жеке және заңды тұлғалардың қарым-қатынасын реттейді және меншік нысанына, жалгерлердің, құрылыс жүргізушілердің, ғимараттардың, құрылыстардың және құрылыстардың иелеріне қарамастан барлық шаруашылық жүргізу құқығындағы субъектілерге қолданылады.

2. Ортақ қолданыстағы жерлерді тазарту және ұстау

2. Саябақтардың, демалыс аймақтарының, көпшілік ойын-сауық орындарының және басқа да ортақ қолданыстағы жерлердің аумақтары осы Ережелерге және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің талаптарына сәйкес күтіп ұсталуы тиіс.

3. Саябақтарда, базарларда, офистер мен сауда жайларының кіреберіс бөлігінде қоқыс салғыштар саны жеткілікті болуы тиіс.

Қоқыс салғыштардың тазалығына осы аумақты тазартуды жүзеге асыратын ұйымдар, кәсіпорындар мен мекемелер жауапты.

4. Жасыл желектер маңызды сауықтыру факторлары және ауылдардың көркі болып табылады, елді-мекеннің бірыңғай жасыл қорын құрайды және қорғалуға т и і с .

5. Заңды және жеке тұлғалар бекітілген аумақтарында жасыл желектердің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс соның ішінде:

1) толық агротехникалық шаралар жинағын жүргізіп тұру, атап айтқанда: суару, қию, қураған бұтақтарды кесу, апатқа шұраған және қураған ағаштарды жинау, ағаштың түбіріндегі балақ шыбықтарын кесу, тыңайтқыштарды салу, жас ағаштардың бағандарында шүкүр орналастыру, дезинфекциялау және жарақаттарды майлау, қуысын бітеу, сондай-ақ арам шөптерді жою үшін механикалық өңдеу (сора, шырмауық, жусан, ойраншөп, ж.б.);

2) өсімдіктерді қорғау станциялармен шарт бойынша немесе өз күшімен ауыл шаруашылық аурулары мен жауларына, тыйым салынған арамшөпке қарсы күресті жүйелі түрде өткізу;

3) жапырақ түскен мерзімде, түскен жапырақтарды уақытында жинау және арнайы бөлінген учаскеге немесе қордалау даласына шығарып тастау.

3. Иеліктегі үйлерді тазарту және күтіп ұстау

6. Канализациясыз үй аулалары және қоғамдық әжетханалар тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, балалар ойнайтын алаңдар мен халық демалатын

орындардан кемінде 25 метрге аспайтын қашықтықта болу керек;

7. Орталықсыздандырылған сумен қамтамасыз ету жағдайда аула әжетханалары құдықтардан 50 метрден кем емес қашықтықта болуы тиіс;

4. Инженерлік құрылғылар мен коммуникацияларды ұстау және тазарту реті

8. Иелігінде жер асты желілері бар иегерлер, канализация, су құбыры, жаңбырға арналған және басқа да құдықтардың қақпақтарын жолдың төселімі деңгейінде болуын қадағалауға міндетті.

9. Жер үстіндегі және грунттардағы суларды ағызатын каналдарды, құбырлар мен дренаждарды, нөсерлік кәріздердің коллекторларын, жаңбырқабылдағыштар құдықтарын тазалау қажеттілігіне қарай жүргізіледі, қоқыс сол бойда алып кетіледі.

5. Осы Ереженің тыйым салынған іс әрекеттері

10. Елді мекендер аумақтарында:

1) көшелерде, тратуарларда, үйлерге іргелес жатқан аумақтарда қи, құрылыс қалдықтарын, темір, ағаштарды, суаттарды, жапырақтарды үюге;

2) көшелердің өтетін және адамдар жүретін бөлігіне, суаттарға, жағажай аумақтарына, құрылыстан бос аумақтарды және жасыл желек аумақтарын, сондай-ақ ортақ қолданыстағы басқа да жерлерге қандай – да болмасын қоқыстар түрлерін (темекенің қалдықтарын, шынылырды, қағаздарды), тұрмыс қалдықтарын лақтыруға;

3) өзендердің, сулардың санитарлық аумақтарында, колонкаларға, құдықтарға жақын жерлерде көлік құралдарын жууға;

4) көшелерде, саябақтарда, бақтарда, стадиондарда, мектеп жанындағы учаскелерде және ортақ қолданыстағы басқа да жерлерде мал бағуға;

5) ортақ қолданыстағы жасыл көшеттер аумағында көкініс және басқа да ауыл шаруашылық дақылдарын егуге;

6) сусымалы және сұйық жүктерді автомашиналарда, ақаулы астауларда, жабдықталмаған тіркеулерде бетін жаппай тасуға;

7) жерге байланысты жұмыстарды жүргізген кезде құрылғыларды (жол төселімдері, қоршау, құдық люктар, су ағатын торлар, жайма орларды, геодезиялық таңбалар, жасыл көшеттерді және т.б.) бүлдіруге, сондай-ақ оларды құммен көмуге;

8) кәсіпорындардың, ұйымдардың аумақтарында, көшелерде, газондарда, тұрғын кварталдарында қоқыстарды, жапырақтарды өртеуге тыйым салынады;

6. Осы Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік

11. Жеке және заңды тұлғалар осы Ережелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексімен көзделген әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК